

ЖАС ҰРПАҚҚА ҮЛГІ БЕРУДЕН ЖАЛЫҚПАҒАН НАҒЫЗ ПЕДАГОГ



Раиса Жеткізгенқызы Рзаева

Мира НУРХАНОВА,
Ақтау технологиялық қызмет
көрсету колледжі
оқытушысы.

Ұстазын ұлықтаған оқу орнының болашағы да ұлы. Ақтау технологиялық қызмет көрсету колледжінің тәжірибесі мен тағылымы мол білгір ұстаздары ортақ мақсатпен, бір ниет және бір тілекпен «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, бір кісідей ел болашағы үшін еңбек етіп жүр. Халықтың үмітін арқалаған колледждің ұстаздары халқымыздың білгір де білімді ұрпақтарын даярлау жолында еңбек етіп келеді. Осынау үлкен ұғымдағы ұстаздық қасиетке ие, шығармашылығын осы салаға арнаған ұстаздардың бірі Раиса Жеткізгенқызы Рзаева жайында колледж ұжымының мақтаулары мен мадақ-таулары шексіз.

«Жақсы мұғалім маған әр уақытта қымбат, өйткені ол — мектептің жүрегі», — деп Ы.Алтынсарин айтқандай, еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік, дүниетанымы дұрыс қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеуде Ақтау технологиялық қызмет көрсету колледжінің орны ерекше. Шәкірттерін білім нәрімен су-сындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұжымдағы ұстаздардың еңбегі зор. Сондықтан, олар әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Сондай озат, тәжірибелі ұстаздардың бірегейі болып, ұрпаққа білім

мен тәрбие беріп келе жатқан колледжіміздің мақтан тұтатын тұлғаларының бірі — орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы Раиса Жеткізгенқызы Рзаева.

«Бала — балқытылған алтын, оны қандай қалыпқа құйып, қандай мүсін жасаймын десе, ұстаздың өз қолында», — дегендей, өзінің сүйікті ісі — жас ұрпақ тәрбиесін өмірінің мәніне айналдырған Раиса Жеткізгенқызының өнегелі еңбек жолының өрнектеріне тоқтала кетуді жөн көрдік.

Раиса Рзаева 1967 жылы 29 наурызда Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Тұрыш ауылында дүниеге келді. 1984-1989 жылдары Гурьев педагогикалық институтында орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі мамандығы бойынша жоғары білім алды. 1993 жылдан бастап күні бүгінге дейін Ақтау технологиялық қызмет көрсету колледжінде орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы болып қызмет етіп, өз ісін терең меңгеріп, шәкірттерінің табысымен көпшілікті қуантып жүрген ұстаздардың бірі.

Раиса Жеткізгенқызы — қайрат-жігері мен күш-қуаты мол ұстаз. Ұзақ жылдардан бері әріптес ретінде байқағаным, ол қай шаруаға болса да енжар қарамайды. Оның орыс тілі кабинеті жақсы жабдықталған. Ұстаз күнделікті сабақтарын жаңа технологияның әдіс-тәсілдерімен түрлендіріп өткізеді.

Ол — көп жылдардан бері әдістемелік бірлестіктің жетекшісі. Әріптесім — өз жұмысына адал, жауапкершілігі мол, мейірімді жан. Студенттері мен әріптестері алдында зор құрметке ие ұстаз. Әр сабағы мен басқа да өткізген іс-шаралары жасөспірімдерді білімпаздыққа тәрбиелеп, мейірімділікке бастайды.

Ұстаз болу жүрек жылылығын, мейірім шуағын, адамгершілік ұлылығын жасөспірімнің, болашақ маманның бойына дарыту дейтін болсақ, Раиса Жеткізгенқызы — жас ұрпаққа үлгі беруден, үйретуден жалықпаған нағыз педагог.



Қызығы мен қиындығы мол мамандық иесі туралы бір мақалада айтып жеткізу мүмкін емес. Қанатты сөзді өзгертіп: «Ел боламын десең, білім ошағын түзе» дер едік, ал мектептің жүрегі, Ыбырай Алтынсарин айтпақшы – мұғалім. Мұғалімдер әр оқу орнының болашағын қолына ұстап отыр деп есептейміз. Раиса

Жеткізгенқызына – жаңалыққа ұмтыла білетін, ізденімпаз, білімді, еңбексүйгіш, парасатты, адал, мейірімді, талапшыл, жаны сұлу ұстаз ретінде баға беріп, оқу орнының болашағы мен келешегі сенімді ұстаздың алақаны мен жұдырығында деп білеміз. Өнегелі ұстаз Раиса Жеткізгенқызын оқу орны әрдайым мақтан тұтады.

